

6. Кәсінорынға қабылдау тәртібі

37. Кәсінорынға жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға қабылдау білім беру саласындағы уәкілетті органмен белгіленген тәртіпте конкурстық негізде азаматтардың өтініші бойынша жүзеге асырылады.

38. Кәсінорынға қабылдау тәртібі әр оқу жылына жасалатын қабылдау Ережелерімен белгіленеді.

39. Кәсіпорынның білім алушылар контингентін қалыптастыру білім беру гранттары және ақылы негізінде жүзеге асады.

40. Талапкерлерді қабылдауға орындар саны және оларды қабылдау құрылымын Кәсіпорын өздігінше анықтайды.

41. Кәсінорынға тапсыруышылардың құжаттарын қабылдауды ұйымдастыру, қабылдау емтихандарын өткізу және оларды студенттер қатарына қабылдау мақсатында қабылдау комиссиясы ұйымдастырылады. Қабылдау комиссиясының қызметі білім беру саласындағы уәкілетті органымен бекітілген жоғары оқу орындарына қабылдау Типтік ережелерімен регламенттеледі.

7. Білім беру үдерісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

42. Кәсінорында білім алушылардың, қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңымен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен және Кәсінорынның Ішкі тәртін қағидаларымен, білім алушыларға ақылы білім беру қызметін корсету туралы отелетін шафтпен айқындалады.

43. Кәсіпорын білім алушылармен тараптардың құқықтары мен міндеттері көрсетіletін оқу шартын (келісімшартты) жасасуға міндетті.

44. Кәсіпорында білім алушылардың:

1) Қазақстан Республикасының білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары жөніндегі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары шенберінде окуға;

3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;

4) өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес, қосымша білім беру қызметтерін, білімді ақылы негізде алуға;

5) Кәсіпорынды басқаруға қатысуға;

6) оқу орнына қайта қабылдануға және бір оқу орнынан басқасына, бір мамандықтан екіншісіне немесе оқудың бір нысанынан екіншісіне ауысуға;

7) оқудан бос уақытта оқуды жұмыспен ұштастыруға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, әскери қызметке шақырылуын кейінге қалдыруға;